



Газет • Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

30 ТАМЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ

ТҰҒЫРЫ ЕЛДІҢ – АТА ЗАҢ



Ата Заң жайлы сөз қозғағанда «Қасым ханның қасқа жолы, «Есім ханның екі жолы», Тәуке заманындағы «Жеті жарғы» секілді заңдар жинағы еске түседі. Осыдан-ақ қазақтың әуел бастан құқықтық принциптерге негізделген елде өмір сүргенін аңғаруға болады. Быыл Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылданғанына 26 жыл толды. Еліміздің басты құқықтық құжаты 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданды. Бірақ бұл Қазақстанның ең алғашқы конституциясы емес-ті.

2 БЕТТЕ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті қызылордалықтар!

Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекесінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан жиырма алты жыл бұрын Елбасы ұсынып, халық қолдауымен қабылданған Конституция азаттығымыздың айғағы, болашағымыздың бағдары саналды.

Бүгінгі таңда бірінші бабы «Мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам» деп басталатын Ата Заңымыз мемлекетіміздегі саяси тұрақтылықтың, халқымыздың баянды өмірінің кепілі болып келеді. Әсіресе ұлттық рухани құндылықтарымызды нығайтуға, әр адамның және отбасының әлеуметтік жағдайының жақсаруына негізін салды. Ең бастысы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының берік қорғалуының кепілі ретінде өміршеңдігін көрсетті. Осылайша бірлігі мен татулығы жарасқан сандаған ұлттардың Қазақстанның бір шаңырағы астында алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етті.

Еліміздің әлемдік аренада татулық пен достықтың мекеніне айналып отырғаны да – Конституциямыздың еселі жемісі. Сондықтан Ата Заңымызды құрметтеп, онда белгіленген принциптерді сақтау – бәріміздің азаматтық борышымыз.

Қадірлі жерлестер!

Баянды істеріміздің бастауы болған Ата Заңымызды әрдайым қастерлеу перзенттік парымыз деп есептеймін. Көк байрағымыз аспанымызда желбіреп, ынтымақтастық жолында өркен жайған мемлекетіміздің мәртебесі өсе берсін.

Осынау мерейлі мерекеде баршаңыздың дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге жеміс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Еліміз аман, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын, ағайын!

Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Мұрат Бақтиярұлы мен Ақмарал Әліназарова және қала әкімі Ғанибек Қазантаев Қызылорданың орталығындағы бірқатар аумақтарға барып, кезек күттірмейтін мәселелерді назарға алды.

ЕЛ ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕДІ



Олар ең алдымен «Бәйтерек» шағын ауданының тұрғындарымен кездесіп, ондағы өзекті мәселелерді тыңдады. «Бәйтерекке» баспанасын салып, жана ауданның тұрғыны атанған азаматтардың әуелгі сұрауы қоғамдық көліктің тұрақты қатынасуы мен жол мәселесі болды. Қала әкімі алдағы уақытта мұндағы балалардың жана мектепке қатынасуына ешқандай киндык болмайтынын жеткізді.

Қала басышының айтуынша, жана оқу жылында балалар тасымалына арнайы автокөліктер қарастырылып, тұрақты түрде қатынайды. Сонымен қатар «Бәйтеректе» малта тас төселген негізгі 3 көшеге асфальт төсеу жұмыстары да жоспарға енгізілген.

Содан соң қала әкімі мен халық қалаулылары өткен жылы іргесі қаланған «Бәйтеректегі» 600 орындық мектеп құрылысының жұмысымен танысты. Бұл білім ошағы келер жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Сенаторлар Қызылордадағы жол жөндеу жұмыстарының да

жүйелі жүргізіліп жатқанын көрді. Биыл осы жұмыстың жалғасы ретінде Ғ.Мұратбаев, С.Бейбарыс көшелерінде орналасқан көпірлер аралығын жалғайтын сол жағалаудағы магистральдың 2 шақырымды құрайтын құрылысы басталды. Оны жыл аяғына дейін халық игілігіне пайдалануға беру көзделген. Сондай-ақ Тәуелсіздік даңғылының жалғасы саналатын 95 процент жұмыстары біткен «Қызылжарма» каналына дейінгі магистраль аяқталса, С.Бейбарыс көшесіндегі көпірден «Эдельвейс» саяжайы арқылы Тұңғыш Президент саябағына дейінгі аралықты қамтитын 1,1 шақырымға жол түседі.

Айта кету керек, алдағы уақытта облыстық жастар орталығынан бастау алатын жолды Шіркейлі каналына баратын негізгі көшемен байланыстыру жүзеге асып, жалпы ұзындығы 3,4 шақырымды құрайтын магистраль салынбақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

#qazaqstan30

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ТОЛЫ ЖЫЛДАР

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Конституция күніне орай облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен «Достық» үйінде «Тәуелсіз Қазақстан: Жасампаздыққа толы жылдар. Қызылорда облысының басты жетістіктері» атты дөңгелек үстел өтті.



Басқосуда аймақтың зиялы қауым өкілдері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының ғалымдары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, облыстық этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымының жетекшілері мен белсенділері қатысты. Қонақтар жиын барысында тәуелсіздігіміздің қатпарлы тарихынан сыр шертіп, отыз жылда

еліміз бен Сыр өңірінің қол жеткізген табыстары мен жасампаз істер туралы ой бөлісті. Бүгінде Қазақстанның әлем елдерімен терезесі тең саясатты орнатуы, көп этносты елімізде бейбітшілікті сақтауы, ЕҚЫҰ-да төрағалық етуі, Елорданың салынуы, ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінің өткізілуі, Солтүстік Арал теңізін сақтап қалу жобасының іске асырылуы – мұның

бәрі тәуелсіздіктің 30 жылдығының үлкен жетістігі. Шарада Тәуелсіздіктің 30 жылында еліміздің, оның ішінде Қызылорда облысының қол жеткізген жетістіктері мен жасампаз істеріне, тәжірибелері мен бастамаларына тарихи шолу жасалып, ұлттық құндылықтар дәріптелді.

«Ақмешіт-ақпарат»

СПОРТ



24 тамызда Токиода 2020 жылғы Паралимпиада ойындарының ашылу салтанаты атынан сайысқа түсетін тәжквондошы Нұрлан Домбаев пен ауыр атлетші аруымыз Раушан Қойшыбаева ту ұстап өтті.

ТОКИО ПАРАЛИМПИАДАСЫ: Алғашқы алтын қоржында

Токио-2021 паралимпиада ойындарына 165 елден келген 4400-ге жуық спортшы қатысады. Елдегі эпидемиология байланысты жарыстар көрермен қатысуымен өтеді. Себебі соңғы уақытта Жапонияда күніне 25 мың адамнан коронавирус анықталуда. Тіпті Паралимпиадаға қатысушылар арасында да коронавирустық инфекция анықталғандар бар.

4 БЕТТЕ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Бейсенбінің бейбіт тыныштығын Тараздағы төтенше жағдай бұзды. Ала кеуімде адамзаттың үрейін ұшырған алапат жарылыс Жамбыл облысының Байзақ ауданында болған. Ресми мәліметтерге сүйенсек, кешкі уақытта Байзақ ауданындағы өрт сөндіру бөліміне ҚР Қорғаныс министрлігі 28349 әскери бөлімінің қоймасында (Жамбыл облысы, Королевка кенті, Тараз қаласынан 30 шақырым) түтін шыққаны туралы хабарлама түскен.

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ



Оқиға орнына Жамбыл облысы ТЖД Өрт сөндіру бөлімшелерінің күштері мен құралдары, 34 автотехника мен 114 адам жіберілген. Сондай-ақ 15 жедел жәрдем бригадасы жұмылдырылған. Гарнизон жоғарғы шақыру рангы бойынша шықты. Өрт қойма ғимаратын толық шарпыған. Фрагменттердің ұшу радиусы 2 шақырымға дейін жетіп жатқаны хабарланған. Алдын ала мәліметтер бойынша қоймада 500 тоннадан астам тротил сақталған. Өрт нысанына жақын Жібек жолы кенті, Үшбұлақ станциясы және Ботамойнақ сынды 3 елді мекен бар. Жергілікті тұрғындар арнайы орындарға көшірілуде.

2 БЕТТЕ



ДАУЫЛ АЛДЫНДАҒЫ ТЫНЫШТЫҚ

АҚШ пен Қытайдың өзара қыр көрсетіп, әскери күшінің басым екенін дәлелдеуге тырысатын бірден-бір аймақ – Оңтүстік Қытай теңізі. Қит етсе, қос тараптың әскери кемелері теңізге сұғына кіріп, бір-біріне тактикалық оқу-жаттығу, соңғы үлгідегі зымаран сынау, ескерту арқылы дөң-айбат көрсетуді әдетке айналдырған. Ал сол мандағы шағын елдер әр дау-дамай сайын шыр-пыр болып, соғыс өрті тұтана ма деген қауіпке кімге болысарын білмейді дал. Өйтпегенде ше, халықтың бар тіршілігі сол теңізге байлаулы. Қытайдың да «жарым жаны» тәуелді болғанын теңізді толық құзырына алуды бұрыннан арман етіп келеді.



Жақында АҚШ-тың вице-президенті Камала Харрис Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне сапарлап, аталған теңізде тек АҚШ-тың айтқаны жүретінін білдірді. Ол Қытайдың теңіздегі іс-қимылы халықаралық құқық пен мемлекетаралық қауіпсіздікке томпақ келетінін жасырмай, керек болған жағдайда қарсы жауап қайтаруға қауқарлы екенін жеткізген болатын. Осы орайда бейсенбіде CNN арнасының тілшісі Брэд Лендон Оңтүстік Қытай теңізінің маңызы, болашақ саяси шешімдер туралы «Теңіздегі әскери қимыл» атты жан-жақты сараптама жариялады. «Әбігер әлем» айдарының кезекті шығарылымында толымды талдауды тәржімалап, аз-кем «өз сөзімізді» де қоса кеткенді жөн көрдік.

«Дүйсенбіде вице-президент Камала Харрис Сингапурде орналасқан USS Tulsa жағалау әскери кемесінің бортына көтерілді. Бұл жолы лауазымды тұлғанын пікірі АҚШ әскери-теңіз флоты тарихындағы ең атышулы мәлімдеме айналыны анық. Бұған себеп, аймақтағы АҚШ-қа тиесілі жағалау әскери кемелерінің (LCS) қуаты арқаны түрткі болса керек. Вице-президент: «Біздің бұл аймақта болуымыз өте маңызды. Үнді-Тынық мұхиты аймағындағы әскери қимылдың тарихы теренде жатыр. Бүгін де халықаралық тыныштық пен тұрақтылық, сауда-саттық байланыс, кеме қатынасының қауіпсіздігі бізге тікелей қатысты. Бейжің Оңтүстік Қытай теңізінің біршама бөлігін иемдену үшін талап қойып, қорқытып, қыспаққа алуда. Бұл заңсыз әрекет екені белгілі».

Жалпы Оңтүстік Қытай теңізде АҚШ-тың LCS техникасының молаюы – Қытайды теңізде ығыстыруға жасалған әрекет. Себебі соңғы жылдағы Қытайдың теңіз-әскери техникаларының қуаты мен саны едәуір артып, теңіздегі меншікті аймағын ұлғайтуға көшкен. Олар теңіздегі 3,3 млн квадрат шақырым аймақты өздерінің жекеменшігі санағаны аздай, ол манда АҚШ әскери кемелерінің болуы тұрақсыздық әкеледі деген сенімде, – деді автор.

Расында, Камала Харристің сенімді сөйлеуіне күш берді деген LCS техникасының қатары артқаны бұған дейін де білетінбіз. Мәселен, маусым айында АҚШ-тың 7-флотының вице-адмиралы Билл Мерц келер жылға дейін Тынық мұхитқа 8 LCS шығарылатынын және оның 4-еуі Сингапурдағы базаға жеткізілетінін айтқан. Оның үстіне АҚШ әскери-теңіз флотының мақтаншына айналған озық үлгідегі техника Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің жағалауын қорғауға арналған таптырмас амал екені бұрыннан айтылып келеді.

«Әлемдік әскери сарапшылар, LCS-тың тиімділігі туралы түрлі пікірде. Көбі Қытай халық-азаттық армиясында (КХАА) әскери техникаларды модернизациялау ісінің көз ілеспес жаламдықпен жүруін, кез келген техниканың бәлдем азаттық жасалып жатқанын ескеріп, қай тараптың басым екеніне бас ауыртып отыр. Гавайи Тынық мұхит университетінің өнертапқышы, бұрынғы әскери-теңіз күшінің капитаны Карл Шустер болса: «Қытай халық-азаттық армиясының әскери техникаларымен шынайы қақтығысқа тап келсе, LCS ұзақ шыдамайды. Себебі техника бұл теңіздің ерекшелігіне бейімделмеген».

4 БЕТТЕ

ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ЕЛДІ БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың қатысуымен дәстүрлі қалалық тамыз кеңесі өтті. «Білімді Ұлт – тұрақты даму кепiлi» тақырыбындағы кеңеске ұзақ жыл білім саласында қызмет жасаған бірқатар ардагер ұстаздар мен салада аянбай еңбек етіп жүрген білім беру ұйымдары қатысты.



Қала әкімі Ғанибек Қазантаев ұстаздар қауымын алдағы білім күйімен құттықтап: – Ұлы қызметті ұлықтап, қиын да кәсіптің сапалы еніп, ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәлім-тәрбие беруді мұратқа айналдырған ұлағатты ұстаздар қауымы қашанда құрметке лайық. Талантты, дарынды шәкірттеріміздің қабілеттерін шыңдап, оларды қолдауда мемлекет тарапынан барлық мүмкіндіктер жасалған бүгінгі қоғамда елдің атын шығарып, аймақ абыройын асыратын, өнiрдi өркендетiп, туған жердi түлететiн бiлiмдi шәкiрттерiңiз көп болғай, – деп Сыр бойының білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін ұстаздар қауымына алғысын білдірді.

«Ashyq» жобасына қосылған. Биылғы оқу жылында 55 мектептен 2847 сынып санитарлық талаптарды сақтай отырып, дәстүрлі форматта оқытылады. Күнделікті дене қызуын өлшеп отырып, маскалық режим оқушы мен мұғалім арасында қатаң түрде сақталады. Сыныптарды кварталға, желдету, дезинфекциялау жұмыстары күнделікті жүргізіледі. Өткен оқу жылы бойынша 2039 оқушы ҰБТ-ға қатысып, оның ішінде 1219 бала мемлекеттік грант иегері атанды. Таңдау бағыттары бойынша оқушы өзінің қабілетіне байланысты жоғары оқу орнын таңдап, мұғалім мамандығы бойынша 269 талапкер, медицина мамандығы бойынша 98 талапкер, техникалық мамандығы бойынша 65 талапкер және өзге де мамандық бойынша 260 талапкер грант иегері атанды.

Бүгінгі күні 55 мектептің 30-ы арнайы мамандармен қамтылып, инклюзивті білім беруге жағдай жасалды. Атап айтқанда, өнiрлiк жол картасына сәйкес, өткен жылдан бастап Қызылорда қаласы бойынша 13 инклюзивті кабинет өз жұмыстарын бастады. Одан бөлек, инклюзивті білім беруді қаладағы 21 балабақшада тәрбиеленуде. Осы жылдан бастап бүлдіршіндерімізге заманауи тәрбие мен білім беру мақсатында қала аумағында орналасқан 8 балабақшада «Стeм» кабинеттер жұмыс жасауда. Облыс орталығындағы 55 мектеп 1-қыруықтен бастап 68790 оқушы жана оқу жылын бастамақ. Барлық білім беру ұйымдары

Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1926 жылдың 18 ақпанында қабылданған. Ол Конституцияда заң басқару нысанын, мемлекеттік құрылысты, саяси режимді, мемлекеттік билік органдары құрылымын, атқарушы, өкім беруші органдары бекітілген. Сондай-ақ сайлау құқығының, қаржылық құқықтың бастаулары белгіленді. 1926 жылғы конституцияға сәйкес, Қазақстан Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы (РКФСР) құрамындағы құқықтық республика саналды. Ол кезде Қазақ Республикасының астанасы Қызылорда болғаны тарихтан мәлім. Демек

үкімет билігі жұмысы, шаруа, еңбек интеллигенциясының табына жататын халық ішінде болды. Ал үкімет билігі мен басқару жүйесінің үстiнен Қазақ КСР коммунистік партиясы бақылады. Республиканың экономикалық жүйесі мемлекеттiң, кооперативтік-колхоздық және кәсіподақ пен басқа да ұйымдардың меншігі деп танылды.

және Президентті мемлекет басшысы деп тану, сот органдары – Жоғарғы Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар және басқаларды қамтыды.

Бүгінгі күні қолданыстағы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Ол 9 бөлім, 98 баптан тұрады. 1998 және 2007 жылдары Конституцияға Президенттің өкілеттілігін ұлғайту жөнінде елеулі өзгерістер енгізілді. 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы – жана Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам

ТҰҒЫРЫ ЕЛДІҢ – АТА ЗАҢ



Қала әкімі сала басшыларына алдағы оқу жылында мектептер мен балабақшалардағы санитарлық нормаларды қатаң сақтауды тапсырды. Конференция барысында бірқатар ардагер-ұстаздар сөз алып, мемлекет тарапынан білім саласына көрсетіліп жатқан қолдауларға ризашылықтарын білдіріп, жас ұстаздарға жана идеялы көзқараспен сапалы білім беру бағытына тілектестіктерін жеткізді.

Тарихи құжаттың негізі Қызылордада жатыр деген сөз. Екінші рет 1937 жылдың 26 наурызында Х бүкіл қазақтар құрылтай кеңесінде ҚазКСР Конституциясы қабылданып, ол 11 бөлім және 124 баптан тұрды. Онда «СССР Конституциясының 14-бабынан тыс Қазақ КСР-і өзінің тәуелсіз құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті өз бетімен жүзеге асырады» деп жазылған.

дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енгізілген. Бұл Конституцияны Референдумға қояр алдында оның мәтіні халықтық талқылауға түсіп, дауыс беру құқығы бар 7 миллион азамат таңдау жасады. Осылайша 90 процент таңдаушы бұл заңды мақұлдап, жана Конституцияның қабылдануын қолдады.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Конституцияның қоғамдағы орнын бағалай келіп: «Халқымыздың жүрегінен шыққан, заман сынына қарсы төтеп берген мемлекеттігіміздің темірқазығы» деп бекер айтпаған. Себебі қазақ халқы қашанда заңға арқа сүйеп, тәртіпке тәуелді болған. Жарғылардан өз бастауын алған Ата Заңымыз мемлекет тұғыры, халық бірлігінің ұйытқысы, туған жеріміздің саяси қалқаны, егемендігіміздің кепілі.

Бүгінгі бейбіт күннің себепкері, тұрақтылықтың нышаны, қоғамдық келісімінің басты символы да осы – Ата заң. Онда бекітілген қағидалар мен ережелер қоғамдағы қатынастарды реттеуде өз әмбебаптығын жоғалтқан емес.

Қысқасы Конституция – елдігіміздің арқауы, кемелдігіміздің айқын кепілі. Оны қастерлеу – халықты құрметтеу. Біздің басты міндетіміз – Конституция талаптарына аса ұқыптылықпен қарау. Оның ережелерін сақтау баршаымыздың туған ел мен жер, Отан алдындағы борышымыз.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

IX шақырылған республика Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс VII сессиясында, яғни 1978 жылдың 20 сәуірінде үшінші Конституция қабылданды. Ол кіріспе, 10 бөлім, 19 тарау және 173 баптан тұрған. Сол кездегі жана Конституция сәйкес, Басы 1-бетте

сәйкес, Президент атқарушы және өкім етуші билік басшысы болғаны туралы ереже, ал министрлер кеңесі министрлер кабинетіне өзгертілді және жергілікті өзін өзі басқару, Қазақ КСР атуы өзгерту, ҚР азаматтығы туралы Заңдар және басқа да құжаттар мақұлданды.

БӘРЕКЕЛДІ!

МИЛЛИОНЕР МЕКТЕП

Жана оқу жылы қарсаңында ұстаздардың дәстүрлі тамыз конференциясы өтті. Биылғы тамыз конференциясы «Білімді ұлт – тұрақты даму кепiлi» деп аталды.



Салтанатты шарада облыс әкімінің «Үздік орта білім ұйымы» грантымен қаладағы Тәжей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі марапатталды. Байқауға 294 мектеп қатысқан. Соңғы үш жылдағы жетістіктерімен көзге түскен білім ошағының басшысына облыс әкімі Гүлшара Наушақызы 34 миллион теңгенің сертификатын табыстады.

Физика және астрономия бағытына басымдық берген білім ордасы дарынды оқушыларды тәрбиелеуде. Биыл мектептен түлеп ұшқан 126 түлектің 85-і мемлекеттік грант иеленсе, ал 13-і алтын белгі иегері атанған.

Ұжымның марапат биігінде көрген мектеп басшысы Бек Тумурзаев: – Еңбекпен келген миллиондар мектеп игілігіне жұмсалады. Алдағы уақытта да оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру жұмыстарын жалғастырып, шығармашылық мүмкіндіктерін одан әрі дамыту мақсатында арнайы үйірмелерді көбейтуді, сонымен қатар пәндік олимпиадалар ұйымдастыруды көздеп отырмыз, – деді.

Жана мазмұнда білім берудің барлық талабына сай білім ошағының бүгінгі жетістігі – тынымсыз ізденістің жемісі. Марапат пен құрмет педагогикалық ұжымның ұмтылысына қанат бітірді. Алдағы уақытта шәкірт тәрбиелеудегі, білім сапасын арттырудағы ауқымды істер жалғасын таба бермек.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Аптаның сәрсенбесінде қала әкімі Ғанибек Қазантаевтың торағалығымен карантин талаптарының сақталуын талқылаған жедел штаб отырысы өтті.

Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ, Қызылорда қаласының әкімі: «МОНИТОРИНГТІК ТОПТАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТӨМЕН»

Кездесуде қалалық полиция басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Нұрлан Ағаділов пен қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ерлан Ұзақбаев қала аумағында карантин талаптарының сақталуына баяндады.

Көзделген сұғұл хабарламалар мен мәліметтер бойынша 93 жоспардан тыс тексеру жүргізіп, 9 128 945 теңгеге 159 айыппұл салынып, 155 айыппұл өндірілді, 93 ұйғарым берілді. Карантиндік шаралардың бұзушылықтары анықталған орындардың 86-сы қоғамдық тамақтану орындары болса, 3 сауда орны, 33-і тойлар және өзге де нысандарға айыппұлдар салынып өндірілді, – дейді Е.Ұзақбаев.

Шарлар бастысы Ф.Қазантаев тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеп, мониторингтік топтардың жұмысын жандандыруды, санитарлық талапты қатаң бақылауға алуға тапсырды.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Үш буынды модель

Өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың құқықтарының қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданып, қолданысқа енгізілді.

Жана заңға сәйкес қылмыстық процестің үш буынды моделі қалыптасты. Енді полиция қылмысты ашады, оған қатыстыларды анықтайды, дәлелдерді жинақтайды және бекітеді. Прокурор жинақталған дәлелдемелерге тәуелсіз баға беріп, азаматтардың құқықтарының бұзылуына тосқауыл қояды, азаматтардың қылмыстық процестің орбитасына заңсыз тартылуына жол бермейді, сотта мемлекетті айыпты қолдайды.

Ал сот органы қылмыстық қудалау органы қызметкерлерінің әрекеттеріне түскен шағымдарды қарайды және түпкілікті шешім қабылдайды. Енді жана заңның талаптары бойынша қылмыстық процестегі негізгі шешімдер (күдікті ретінде тану, күдіктінің іс-әрекетін саралау, тергеп-тексеру мерзімін үзу, қылмыстық істі тоқтату және т.б.) тек прокурордың келісімімен немесе бекітуінен кейін ғана заңды күшіне ие болады.

Осы жылдың өткен мерзімінде қылмыстық қудалау органының қылмыстық істер бойынша қабылдаған 211 шешімі аудандық прокуратурамен мақұлданды, 5 шешімі бойынша келісуден бас тартылған. Мысалы, полициямен бұзақылық қылмысын жасаған күдіктіге қатысты қылмыстық істі оның жәбірленушімен татуласуына байланысты тоқтату туралы шешім қабылданып, аудандық прокуратураға бекіту үшін жолданған.

Аудан прокуратурасы тергеушінің процестік шешімінің заңдылығын тексеріп, бұл шешімнің қылмыстық-процестік заңнамаға қайшы келетіндіктен оны бекітуден бас тартып, қылмыстық істің сотқа жолдануы қамтамасыз етілді. Осылайша күдіктінің қылмыстық жазадан негізсіз босатылуына жол берілмеді.

Бүгінгі күні аудандық прокуратура мен полиция бөлімі үш буынды модель аясында бірлесіп отырып сәтті жұмыс жасап келеді.

Қ.НАЗАР Жағалаш аудандық прокуратурасының аға прокуроры, 2-сыныпты заңгер

ЖАМБЫЛДАҒЫ ЖАҒДАЙ



Бірде-бір зардап шегуші көмексіз және қолдаусыз қалмайды. Темір жол саласына байланысты нақты шаралар қабылдадық, қосымша 20 автобус бөлік. Өйткені екі жақтағы, Алматы мен Шымкентте станциялар бар, пойыздар жүреді. Біз бұл автобустармен Шымкент, Қызылорда, Ақтөбе бағытына баратын жолаушыларды жібереміз. Қазір тұрақта тұрған

жолаушылар пойыздары жоқ. Жүк пойыздары ғана уақытша аялдап тұр. Қазір Қорғаныс министрлігінің қызметкерлері теміржол рельстеріне зерттеу жүргізуде, содан кейін теміржолшылар сол жерге барады. Зерттеу нәтижесінде жүк пойыздарының қозғалысын қалпына келтіру туралы шешім қабылдаймыз. Барлығы уақыт өте келе толыққанды реттеледі, – деді Бердібек Сапарбаев.

ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне келіп түскен ақпаратқа сәйкес, Жамбыл облысы, Байзақ ауданында зардап шеккендер арасында балалар жоқ. Жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері жақын маңдағы елді мекендерден Тараз қаласына, сондай-ақ Байзақ ауданының Сарыкемер және Кеңес ауылдарына 83 баланы эвакуациялады.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің айтуынша, эвакуацияланған балаларға қажетті жағдайлар жасалып, ыстық тамақпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Эвакуацияланған балаларға қолдау көрсету үшін ҚР БҒМ ата-аналарға балаларын «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жіберу ұсынылды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

